

Күні: 31.08.2021

Қатысқаны: *түрел. 96*

Қатыспағаны: 0

Тақырыбы: «Білім және ғылым-елдің тұрақты дамуының кепілі»

Күн тәртібінде:

Қаралатын мәселелер

- 1.2020-2021 оқу жылы бойынша оқу-тәрбие жұмысына талдау
- 2.2021-2022 оқу жылының миссиясы, мақсаты, міндеттері, жоспарларымен таныстыру.
- 3.2021-2022 оқу жылының оқу-тәрбие ісін ұйымдастыру жоспарларын бекіту(ОМЖ,ӘБ жоспарлары)
- 4.2021-2022 оқу жылында келген жас мамандарға тәлімгерлерді тағайындау
- 5.2021-2022 оқу жылына арналған ӘНХ ерекшеліктерімен таныстыру.

6.Ағымдағы мәселелер

1. «Алтын белгі» үміткер оқушылардың құжаттарын ретке келтіру;
2. Аттестациядан өткен мұғалімдерді таныстыру;
3. Жаңа келген мұғалімдерді таныстыру;
4. Авторлық жұмыс;
5. 1-11 сынып ата-аналарынан психологиялық қызмет жұмысына рұқсат беру туралы келісім шартын алу.

Тыңталды :

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша сөз директорын оқу ісі жөніндегі орынбасары К.М. Хакимжановаға берілді. Ол өз сөзінде өткен оқу жылында 90 мұғалім жұмыс жасады. Оның 83-і жоғары білімді, қалғаны орта арнаулы білімді. «Педагог зерттеуші»-12, «Педагог сарапшы»-20, «педагог- модератор»-16. Мектепте 10 әдістемелік бірлестік жұмыс жасады. Өткен оқу жылында оқу-тәрбие үрдісі аралас форматта жұмыс жасадық. Оқушылар мен педагогтар жыл бойында жоспарданған іс-шараларға қатысып, өз деңгейлерінде жетістікке жетті. 2020-2021 оқу жылында жаңа форматта 9,11 сынып оқушылары қорытынды аттестациядан өтті. 11 сыныпты-35 оқушы,онын 5-еуі «Алтын белгіге», 10-«Үздік аттестатқа» бітірді. ҰБТ 34 оқушы тапсырды. Ең жоғарғы көрсеткіш 100-ден жоғары ұпайды-8 оқушы алды.

Мемлекеттік грант конкурсында 17 оқушы иегері атанды. Оның педагог мамандығына 3 оқушы тапсырды.(Ағылшын тілі, орыс тілі мен әдебиет, Физика).Орташа ұпай саны-70 ұпай.

2-мәселе Мектеп миссиясы:

- ❖ -XXI-ғасыр педагогтеріне қажет ең танымал қажетті әдістер негізінде оқу-тәрбие процесін жүргізу.Біздің мұғалімдеріміз-өзгермелі өмірге бейімделген заманауи түлектерді дайындайтын кәсіби мамандар. Біздің ұжымдық мәдениетіміз -әр маманның және әр түлектін әлеуетін ашуда мүмкіндік туғызуда бағытталған.

- ❖ **Максаты:** 2025 жылы аудандағы ең танымал мектепке, мұғалімдерімізді танымал әдістемелерінің нәтижелерін көрсете отырып, ауданның оқу-тәрбие «процесінің» мықты қозғаушыларына айналу.

3-мәселе 2021-2022 оқу жылында оқу-тәрбие ісін ұйымдастыру жоспарларын бекіту жөнінде айтылды мектеп директоры А.А.Туркестанбаева.

Мұғалімдерге ОМЖ, ҚМЖ дайындап оқу ісі жөніндегі орынбасарына бекіттіру тапсырылды.

Мектептегі жалпы оқушы саны 1118 оның ішінде 141-і 1-сынып оқушылары. 48-

1-ауысым 8-30-13-40 бұл уақытта білім алатын сыныптар 1-2 және 7-11 сыныптар аралығы.

2-ауысы 14-00-19-10 бұл уақытта білім алатын сыныптар 3-6 сыныптар аралығы.

Бірлестік жоспарын бекіту 4-ші қыркүйекке дейін деп тапсырылды.

4-мәселе 2021-2022 оқу жылында келген жас мамандарды таныстырды және оларға тәлімгерлер тағайындау тапсырылды. 1-сыныптар сынып жетекшілерін таныстырды және сыныптардың сынып жетекшілерін атап өтті. Сонымен қатар директор өз сөзінде

- Тәртіп ережелерін сақтау
- Жұмысқа уақтылы келу
- Мектеп тапсырмасын уақтылы тапсыру
- Электр энергиясын үнемдеп пайдалану
- Медициналық тексерістен өту
- Сабақ және үзілісте оқушылардың денсаулығына жауапты болу
- Әр кабинетке ауысу тоқтатылды
- Бес жылда бір рет аттестациядан өту
- Сынып жетекшісі міндетін атқару
- Өз бетінше білімін жетілдіру
- Мектептің ішкі жағдайын жарияламау

Биылғы оқу жылының әдістемелік нұсқаулықпен танысу. Қара көк түсті киім кию мұғалімге міндеттелді. Оқушылар үшін оқу күні 5-күн, мұғалімдер үшін жұмыс 6-күн.

5-мәселе 2021-2022 оқу жылына арналған ӘНХ ерекшеліктерімен К.М.Хақимжанова таныстырды.

-Білім алушылардың оқу жүктемесін азайту.

-1-сыныптарға «Әліппе», «Ана-тілі», «Букварь», «Обучение грамоте», «Цифрлық сауаттылық» пәндерін енгізу.

-Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың нормын толтыру.

-Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізуді жетілдіру.

-Жазғы мектеп есебінен оқыту мерзімін 20 маусымға дейін ұзарту.

-Міндетті формативті бағалау.

-Сабақ ұзақтығы 45-минут.

-5-сыныптан 11-сыныптар аралығында «жаһандық құзыреттіліктер» таңдау курсы немесе басқа курстарды енгізу.

-Мектептердің таңдауы бойынша «Музыка» оқу бағдарламасының шеңберінде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 6-сыныпта домбыра тартуды үйрету.

-Оқытудың әртүрлі форматта(дәстүрлі,аралас,кашықтық)мектептердің дайындығын қамтамасыз ету.

-Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды бағалау.

-Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға оқу бағдарламаларын бейімдеу.

6-мәселе Агымдагы мәселелер бойынша мектеп директоры Туркестанбаева А.А.

Алтын белгіге үміткер оқушылардың құжаттарын ретке келтіру.

Аттестациядан өткен мұғалімдерді атады және жаңадан келген мұғалімдерді таныстырды.

Авторлық жұмыс.

Kavutuz

1. 2020-2021 оқу жылы бойынша оқу тәрбие жұмысы жақсы деп қабылданын.
2. 2021-2022 оқу жылының миссиясы, мақсаты, міндеттерін таныстыру, жоспар бойынша жұмысты жалғастыру директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарына міндеттелсін.
3. 2021-2022 оқу жылының оқу-тәрбие ісін ұйымдастыру жоспарларын бекіту ОМЖ, БЖБ 31-тамыздан 4-қыркүйекке дейін орындалсын.
4. 2021-2022 оқу жылында келген жас мамандарға тәлімгерлерді тағайындау.
 - 1) Урынбаева Қ.М., А.К. Жуусоваға
 - 2) Қаратай, А.- А.Е. Абдрахмановағаоқу-тәрбие жұмысының жоспарына міндеттелсін.
5. 2021-2022 оқу жылына арналған ӘНХ жұмыс жоспары бойынша негізге алынсын.
6. Ағымдағы мәселелер бойынша
 - 6.1 «Алтын белгі» үміткер оқушылардың құжаттарын ретке келтіру сынып жетекшілеріне міндеттелсін.
 - 6.2 Аттестациядан өтетін мұғалімдердің тізімдері таныстырылсын.
 - 6.3 Жеке авторлық жұмысы бар мұғалімдердің жұмысы биылғы 2021-2022 оқу жылының бірлестік отырысында толықтай талқыланып, сала бойынша бірлестік жоспарларына енгізілсін.
 - 6.4 1-11 сынып ата-аналарынан психологиялық қызмет жұмысына рұқсат беру туралы келісім шарты алынсын.

Педагогикалық кеңестің тәртібі

Мектеп директоры:

Хатшы:

А.А.Туркестанбаева

А.Т. Берлибекова